

2-бөлім
АҚПАРАТ ӘЛЕМІ

Раздел 2
МИР ИНФОРМАЦИИ

Section 2
WORLD OF INFORMATION

Шыңғысова Н.Т.
**Өңірлік газет беттеріндегі
«журналистік зерттеу»
(2000-2010 жылдардағы
материалдар негізінде)**

Мақалада өңірлік газеттердегі «Журналистік зерттеу» айдарымен жарияланған материалдар сарапталады. Журналистің ақпарат алу, іріктеу, тексеру, жариялаудағы шеберлігі мен кемшіліктері, журналистік зерттеудің қолданылу ерекшеліктері нақты газет материалдары негізінде талданады.

Түйін сөздер: журналистік зерттеу, социологиялық зерттеу, өңірлік мерзімді баспасөз, социожурналист, құжаттарды зерттеу, ақпарат жинау әдістері.

Shyngysova N.T.
**Journalistic investigation on
pages of regional media
(on the example of materials
2000-2010 years)**

In article materials of regional newspapers on the heading Journalistic Investigation are considered. On the example of concrete articles methods of collection of information, sorting, skill and shortcomings are analysed, features of journalistic investigation are defined.

Key words: Journalistic investigation, sociological research, regional periodicals, methods of the analysis of documents, methods of collection of information.

Шыңғысова Н.Т.
**«Журналистское
расследование» на страницах
региональных СМИ
(на примере материалов
2000-2010 г.г.)**

В статье рассматриваются материалы региональных газет под рубрикой «Журналистское расследование». На примере конкретных статей проанализированы методы сбора информации, сортировки, мастерство и недостатки, определены особенности журналистского расследования.

Ключевые слова: журналистское расследование, социологическое исследование, региональная периодическая печать, социожурналист, методы анализа документов, методы сбора информации.

**Өңірлік газеттердегі
«Журналистік
Зерттеу»
(2000-2010 жылдардағы
материалдар негізінде)**

Республикалық басылым беттерінде әлеуметтік ойлай білетін, жасырын деректі жазбай танып, журналистік зерттеудің амал-тәсілдерін қолданып, батыл қадамдарға барып, тың тақырыптарға қалам тербеп жүрген журналистер бар. Осы орайда өңірлік тілшінің ой таразылау ауқымы тек сол аймақ шеңберінде қалып қояды деп пікір түйю жаңсақтық болар еді. Өңірлік газеттерде «Журналист кәсібін өзгертті», «Кейіпкер көзімен» деген тұрақты айдарлар болмаса да, оқырманды баурап аларлық тақырыптар жарияланады. Журналистер мүмкіндігінше социологиялық зерттеу әдістерін қолданады, сұрақ-жауап түрінде, сұрау салу арқылы оқырмандардың пікірін біліп, аудиторияны зерттеуге құлшыныс танытады. Белгілі бір сала мамандарын редакцияға жинап болмаса тікелей телефон байланысын ұйымдастырады. Осы арқылы аймақ оқырмандары көптеген сауалдарына жауап тауып жүр. Өңірлік журналистикада бүгінде салалық журналистер де қалыптаса бастады. Олар саясат, экономика, құқық, әдебиет, өнер салаларында бірдей қалам тербейді. Әлеуметтік мәселелер, ұлт, тіл тағдыры жайында салмақты ой қозғайтын материалдардың арасында кейде талданып-таразыланбай, қарапайым халыққа сол күйінде ұсынылатын ақпараттар да кездеседі.

Социожурналистер социологиялық талдауды пайдалана отырып, журналистік зерттеу жүргізеді, редакцияның тәжірибесін бақылап, контент-талдау жасайды, аудиторияға сұрау салып, журналистік тәжірибені жүзеге асырады. Байқап отырғанымыздай, социожурналистің қызметінде әдістемелік, арнаулы-теориялық және эмпирикалық әдістер араласып жүреді. Олар оқиғаның мәнін терең түсініп, зерттеуді сауатты жүзеге асырып, деректерді жинап, ой елегінен өткізіп, өңдеуде кәсібилік танытады.

Әлемдік журналистикада сапалы басылымдардың беделі жоғары екендігі белгілі. Сапалы басылымдар оқиғаға сараптама жасап, әділ бағасын береді, деректері мен пікірлері сенімді. Көпшілігінің ғасырға жуық тарихы бар облыстық газеттерді осы сапалық басылымдарға жатқызамыз. Өкінішке қарай, осы өңірлік басылымдарда кейде дәлдігі кем, дерекке негізделмеген материалдар кетіп қалады, әр санында бір мәселеге байланысты әртүрлі ақпараттар жүреді. Бұл әсіресе газеттің ардагер

журналистерінің естеліктерінде кездеседі: «Ұмытпасам, бір айда екі мәрте жалақы алып жүрдік» [1]; Ұмытпасам, қызыл қыштан салынған ұзынша жатаған үй» [2]; «Әлде төртінші класс, әлде бесінші класс оқитын жылым ба, анық есімде жоқ» [3]. Қызылорда облыстық басылымында ұзақ жылдар редактор болған Н. Уәлиұлы газеттің шығу мерзімін өзгертуге байланысты әңгімесін: «Жетпісінші жылдардың кезі» деп бастайды [4]. Газет ардагерлерінің «Бертін келе өлке құрылды» (ОҚ, 1994. 26 қараша) деп болжаммен сөйлеуі материалға солғындық береді. Газеттің әртүрлі сандарындағы бір деректің әркілы баяндалуы да беделіне нұқсан келтіріп, оқырманға сенімсіздік туғызуы мүмкін. Мысалы, «Оңтүстік Қазақстанның» 2004 жылғы 10 ақпандағы санында оқытушыны қызмет бөлмесінде атып кеткені туралы суыт хабар бар. Онда оқ оң иығына тиіпті делінген. 12 ақпандағы нөмірде оқ марқұмның сол жақ жауырынынан, жүрек тұсынан тигендігі айтылған. Сондай-ақ екінші нөмірдегі ақпаратта ешқандай жаңалық жоқ, алғашқы ақпаратты қайталайды. Газет материалдарындағы осындай кемшіліктерді болдырмас үшін өңірлік газет журналистері газет материалдарының дәлдігіне, нақтылығына баса назар аударуы керек. Ол үшін журналистің материалын өңдеу барысындағы ғылыми әдіс-тәсілдерді білу артықтық етпейді. Ондай әдістердің бірі – құжаттарды зерттеу болып табылады. Бұл әдіс журналистиканың тәжірибесінде жиі қолданылады. Кез келген журналист материалын дайындау барысында статистикалық мәліметтер, сандық көрсеткіштер сияқты деректі ақпарат көздеріне жүгінеді. Журналист түрлі құжаттарды болашақ шығармасына сауаттылықпен қолдана білуі, деректерді, мәліметтерді тексеріп, талдап барып пайдалануы тиіс. Құжаттарды зерттеп, деректерді орынды пайдалана алмаған тәуелсіз «Жаңа дәуір» газетінің журналистері ел аузындағы өсекті тергіштеп, журналистік әдептен озады: «Әсіресе қала әкімінің орынбасары В. Лян мен «Жайықжылу қуат» АҚ-ның коммерциялық директоры Ж. Хайрушев дегендер тек дос емес, бөтелкелес, тоист кешіріңіздер сыбайластары екен. Былтыр «Жайықжылу қуат» АҚ-ның президенті А. Котовтың орнына осы Ж. Хайрушев отырады деген сыбыс шыққан болатын. Алайда ол ойларын жүзеге асыра алмады ма А. Котов өзгерген жоқ» (ЖД, 2005. № 2). «Журналист» баспасөздің рөлін, газет тілін түсінбейді, оқиғаға өзінше сараптама жасағысы келгенімен, ойын дұрыс жеткізе алмай отыр.

Ғалым К. Қамзин журналистік зерттеудің ежелгі ұлттық әдістемелерін негіздей келіп, қазақ ақпарат кеңістігінде әлі толық орын сайлай қоймаған жанрлардың бірі ретінде журналистік айқындама десе [5], ғалым С. Медеубек журналистік айғақтама деп атауды ұсынады. Батыста қылмыстық істерді әшкерелеуге бағытталған бұл әдіс қазақ журналистикасында да өз деңгейінде қолданылады. Оған республикалық, өңірлік баспасөздегі кәсібін өзгерткен, өзге кейіпке енген журналистердің зерттеу мақалалары айқын дәлел. Аталмыш әдісте журналист мейлі ол қылмыстық іс болсын, мейлі шешімі табылмай жүрген әлеуметтік өзекті мәселе болсын, бәрібір зерттеу әдістерін жүзеге асырады. Сұрау салады, құжаттарды зерттейді, сұхбат алады т.б. Журналистік зерттеу екі ғылымның басын тоғыстырған журналистика социологиясымен тікелей байланысты, алғашқы, бұрыннан бар ақпарат көздерін мұқият жинап, талдап, зерттеудің әдіс-тәсілдерін жүзеге асырмайынша, журналистік зерттеудің нәтижесі тиімді болмайды. Журналистік зерттеуді кез келген журналистің жүргізе алмасы белгілі. Себебі, жабық немесе жасырын, алайда қоғам үшін қажетті тақырыпты зерттеу үшін журналист ең алдымен құжатты жедел әрі сапалы жинауы керек. Ол қайшылық жағдайды терең ұғуға мүмкіндік береді, оқиғаға эмоциялы түрде баға беруден сақтайды. Журналист тергеуші сияқты жинақы болуы, оқиғаны бағалай білуі тиіс. Ақпарат алудың бұл әдісінде журналист-зерттеуші оқиғаны бақылап, тіркейді, бірақ үкім шығармайды. Журналистің кәсібилігі оқиғаны орынды баяндап, деректерді ұтымды орналастыруынан көрінеді. Ол ақпаратты қайдан, кімнен алу керектігін, шығу себебін білумен қатар, ақиқат ақпаратты ешкімнен ықпастан жаза білуі тиіс. Автордың ұстанымы материалдың құрылымынан көрінеді. Ақпарат көздерімен жұмыс істеу журналист қызметіндегі ең шешуші кезең болып табылады.

Әр публицистің өз қолтаңбасы болғандықтан, материалдар да сан алуан. Редакцияға келген хаттың бір қарағанда деректері сенімді сияқты. Алайда сол хаттың ізімен зерттеу басталғанда, түрлі қиындықтармен қатар кездесейсің, тіпті, күтпеген жайттар да кездеседі. Бірде «Қостанай таңы» газетінің редакциясына жапа шектім деп бірнеше рет жазылған арыздың әсерімен сол ауылға тексеруге барған журналист істің күрт басқа бағыт алғанына қайран қалады. Арыз жазушылар тек қара күйені жаға берген екен. Мәселенің анық-қанығына жетіп, газетке

жариялайды. «Соттың, прокуратураның бұл мәселе жөнінде қандай шешім қабылдағанында біздің шаруамыз жоқ. Біз көзбен көргенімізді, құлақпен естігенімізді, көңілге түйгенімізді жаздық» (КТ. 2000. 29 ақпан), – дейді журналист.

Мұндай жағдай «Арқа ажары» газетінің басынан да өтті. 1991 жылы «Арқа ажары» газетінің халықпен кездесуінде білім беру саласының бір маманы былай деді: «Газет бетіне жарияланған кейбір сын айтқан хаттар негізсіз, дәлелсіз болып жатады. Тіпті кейбір адамдар газетті өзінің кеткен өшін алуды, бас араздығын қайтаруды көздейтіні жасырын емес. Мәселен, Ерейментау ауданындағы Бозтал мектебінің мұғалімі К. Сыздықовтың газет бетіне жарияланған хаты сондай сарындас деп есептеймін. Мен өзім бірнеше рет тексеруге бардым. Деректердің көбі дәлелденбеді. Оның есесіне адал адамдардың атына газет арқылы қара күйе жағылды» (АА. 1991. 22 қазан). Мұндай жағдайларда редакция қызметкерлерінің де айтар уәжі негізсіз емес. Редакцияға толассыз ағылып жатқан нақты мекенжайы бар оқырмандардың арыз-шағымдарына сенімсіздікпен қарай алмайды. Алайда біреуді қаралап, сынаған хаттарға сақтықпен қараған жөн.

«Торғай таңы» газеті оқырман хаттарын тексеріп, анықтап, нәтижесін жариялап отырамыз дегенімен, редакцияға жолданған жалған арыз ауданда меншікті тілшісі бола тұра жарияланып кеткен. Кейін тексеру барысында деректер дәлелденбейді (ТТ. 1991. 30 қараша).

Журналистік зерттеудің мерзімі әртүрлі болады. Оның барысында журналист көптеген адамдармен кездесіп, әңгімелеседі, мұрағат материалдарын ақтаруға тура келеді, адамдардың мінез-құлқын бақылайды, түрлі қиындықтар да кесе-көлденең тұруы әбден мүмкін. Журналистік зерттеуді жүргізудегі редакцияның мүмкіндігі де аз рөл атқармайды. Оқиғаны жан-жақты білмей тұрып, белгілі бір тұжырым жасап, көзқарас білдіру қиын.

Ақпарат көздерімен тікелей жұмыс істеуде жиналған материал, құжаттарды жүйелеп, іріктеу аса маңызды кезең. Жиналған ақпараттардың арасында сенімсіз мәліметтер де кездесуі мүмкін. Оларды жазбай танып, тексеру қажет. Журналист болашақ мақаланың мазмұнын, құрылымын анық білгені жөн.

Ресей журналисі Сергей Смирнов оқырманды ескі ойыншық тез жалықтырып, жаңа ойыншыққа ұмтылатын нәрестемен салыстырады. Сондай-ақ ол: «... стандарт, штамп – газеттің ең басты жауы», – дейді [6]. Расында да

жанды, қызықты деректің сұрғылт баяндалуы мазмұнына айтарлықтай нұқсан келтіреді. Тақырып таңдаудан бастап, оны оқырманға жеткізгенге дейінгі аралықтағы журналист еңбегі кәсіби шеберліктің үлгісін көрсеткенде ғана ол публицистика деңгейіне көтеріліп, оқырманның жүрегіне жол табады. Публицистика – әлеуметтік проблемаларды қоғамдық пікірге әсер ету мақсатымен көтереді. Ғылыми еңбектерде публицистиканы қоғамдық пікірге, сана мен мінез-құлыққа маңызды идеологиялық әсер етуге бағытталған қоғамдық-саяси қызмет, – дейді [7]. Публицистік материалдың идеялық мазмұны бай, дерек тек баяндалып қоймайды, талданып, себебі мен салдары анықталады. Көтерер жүгі ауыр тақырыптың дұрыс таңдалуы, мазмұнның ашылуы, материалдың жеткілікті түрде өңделуі, тілдік-стильдік тұрғыдан ұтымды баяндалуы журналистік шеберлікпен тікелей байланысты. Өңірлік басылымдардағы ара-тұра кездесетін материалдарды журналистік зерттеуге толық жатқыза алмаймыз.

Зерттеу барысындағы журналистің көп жіберетін қателігі – мәліметтерді үстірт бағалау, ақпарат көзіне әділетті көзқарас білдіре алмау. «Қостанай таңы» газетіне «Балаларымның қамын ойлаймын» (1993. 19 ақпан) деген оқырман хаты жарияланды. Хаттағы ананың келтірген деректері өтірік болып шығады. Ұжым мақаладағы жайлардың жалған болып шыққандығы туралы газет бетінде көрсетуді талап етті. Редакция: «Сонымен газетімізде жарық көрген бір хаттың бізге де, авторға да абырой әпермегендігін хабарлаймыз» (1993. 9 маусым), – дейді. Бұндай жағдайлар газеттің беделіне нұқсан келтіреді. Хатты тексеріп барып жарияламаған редакцияның бұл қателігі, журналистің салғырттығы оқырманның газетке деген сеніміне дақ түсірері даусыз.

2003 жылдың 13 қыркүйегінде «Оңтүстік Қазақстан» газетінде «Қара халыққа көлеңкесі түсетін азамат керек» деген тақырыппен бір топ азаматтың № 19 сайлау округы сайлаушыларына Үндеуі жарияланды. Онда осы округтен облыстық мәслихат депутаттығына кандидат болып тіркелген «Қазпошта» ААҚ ОҚО филиалының директоры А. Заманханның кандидатурасын қолдап, сайлаушыларды дауыс беруге шақырған. Материал жарияланғаннан кейін екі күн өтпей үндеудің астында ең бірінші болып аты-жөні тіркелген адамдардың төртеуі (Бәйдібек ауданының құрметті азаматтары және ауыл имамдары) бұл шақыруға қол қоймағандықтарын мәлімдеп, редакцияға хабарласты. Газет:

«...бұл Үндеудің жариялануына, онда аты-жөні көрсетілген адамдардың қайсысының өз қолымен, қайсысының сыртынан қол қойылғанына редакция жауап бермейді және бұл жерде газеттің ешқандай кінәсі жоқ. Өйткені газет үшін басты дәлел – қағазға түсіп, қол қойылып әкелген материал. Сондықтан бұл Үндеуден әлгіндей шикілік шығып жатса, оның жауабын да, ұятын да соны ұйымдастырушылар көтерсе керек» [8], – дейді. Редакция оңай құтылғанымен, саяси сайыста әділдіктің, еріктіліктің салтанат құруына басылым да жауапты. Газет ондай материалдарды тексеріп барып, бірақ жариялауы тиіс. Газет бетіндегі жарық көрген мақалаларға орай редакцияға оқырмандардан түрлі мазмұндағы хаттар жиі келеді. Көпшілігі өздерін толғантқан мәселенің газетте жарияланып, биліктің құлағына шалынғанына ризашылықтарын білдірсе, сыналған адамдар оқиғаның барысына түсінік беріп жатады, тіпті, тілшінің жазғанын жоққа шығаратындары да бар. Мысалы, Қазығұрт ауданынан хат жазған аудандық мәслихат хатшысы З. Орманова мақаладағы мәліметтердің нақты емес екендігін дәлелдей отырып: «Мен мақала авторы Әуесбай Әбдіразақовқа мақалада келтірілген фактілер жөнінде мәлімет берген емеспін және онымен бір жыл көлемінде кездесіп, көзбе-көз сөйлескен де жерім жоқ» (ОҚ, 2005. 1 қазан), – дейді.

Газет тілшісі тиісті адамнан мәлімет алмаған, материалды нақты деректерге сүйенбей жазған.

Жылап-еңіреп, редакцияға хат жазған жалғыздікті ана екі баласын көршілері ұрып-соғып, соңынан өзі таяқ жеген болып балаларын істі қылғанын, оқиғаға қанық ауылдастарының жұмған ауыздарын ашпай отырғанын айтады. Редакция ұжымы оқиғаны тексеріп, бас қатырмайды, «кімдікі дұрыс?» деп сауал тастай отырып, «Ел іші – алтын бесік» дейтін атадан қалған сөздің қарапайым ауылда да қадірі қаша бастағаны ма, қалай? Қазақ бұрын-соңды қит етсе жесірі мен жетімін сотқа сүйреп, қыспаққа алушы ма еді? Керісінше, жалғыздікті анаға ауыл-аймақ, ел болып қол ұшын беру біздің байырғыдан келе жатқан салтымыз емес пе. «Енді не істеймін?» деп Тұрғанай ана шырылдаса, ол ауылдың тентекті тезге салар абыз қариясы мен ауылдағы шаң-шұнды басар естияр үлкені мен ауыл басшылары қайда деп біз де таңқалдық. Әділдіктің төрешісі қашан да заң екендігінде дау жоқ. Өйтсе де, заңнан бұрын ес жиғызар ата дәстүр, тәрбие деген бар емес пе деген оймен сөз түйінін ауыл басшыларынан күткенді жөн көрдік» [9], – деп жауапкершілікті

өзгеге аударады. Журналист оқиға болған жерге барып, куәлармен тілдесіп, фото, аудио, бейнетаспаларға жазып алса, зорлықшыл жақтың қылмысы ашылар еді.

Журналист қылмысты ашпағанымен, ресми тергеу орындарының жіберген қателіктерін түзеуге мүмкіндігі бар.

«Оңтүстік Қазақстан» газетінің заң және құқық мәселелеріне арналған «Құқық» қосымшасындағы «Нашақорлық» деген тақырыппен берілген материалды редакция журналистік зерттеуге жатқызады. Алайда мақаланың өнбойынан осы әдіске тән бір белгі көрінбейді. Оңтүстік Қазақстан облысында есірткі саудасына байланысты әңгіменің көп екендігі белгілі. Мақала «Есірткімен күрес қалай жүріп жатыр?» деген сұраққа жауап іздеуді мақсат тұтқан. Есірткімен күресіп, ерекше қырағылық танытқан немесе салғырттық танытқан нақты бір мекеме туралы ақпарат жоқ, «Героин неге кең тарап кетті, есірткіні сатумен кімдер айналысып жүр» деген жауыр болған сауалдарға автор немқұрайды ғана жауап береді. «ҰҚК-нің қызметкерлері арнайы тексеру кезінде Шымкент қаласының өзінде есірткі сататын 126 нүктенің барын анықтапты. Ең сорақысы мынада, ҰҚК қызметкерлері осы тексеру кезінде әр «апанның» төңірегінде есірткіге елтіп, сұлап жатқан 10-15 нашақорды кездестіріпті» [10] деген жалпылама деректер келтіріледі. «Шымкент қаласында есірткі саудасы, негізінен орталықтан оқшау жатқан «Зеленая балка», «Чапаевка», «Ворошиловка» деп аталатын шағын аудандарда қызып тұр. «Нашаның түр-түрі, әсіресе Ворошиловкада көп дейді білетіндер» деп жорамал жасайды. Журналист Ворошиловкаға өзі барып, мән-жайды көріп, «нашақор» болып, нағыз нашақорлармен бір-екі ауыз тілдесуі керек еді. Ол аудандарда есірткі сатылатыны жаңалық емес, оны қарапайым халық та біледі. Журналист сол халықтың аузынан естігенін айтып отыр. Жарты бетті алып жатқан мақаладан жаңа ақпарат табу қиын. Құқық қорғау органдарының есірткімен күресіне ешкімнің көңілі толмайды. Бұл жаңалық емес. Нашақорлардың көпшілігі қылмыскер. Бұл да жаңалық емес.

«Журналистік зерттеу» деп ат қойып, айдар тағылмаған «Есірткі саудасы есіріп тұрған ауыл» деп аталатын материалда керісінше жүйелілік, зерттеу нышандары бар. Автор есірткі саудасының қандай деңгейде жүріп жатқандығы мен елге тигізіп жатқан зиянын білу мақсатында «Забадам» елді мекенін аралап шығады. Жергілікті жердің тұрмыс-тіршілігіне қанық

ел ақсақалдарымен, басшыларымен, тәртіп сақшыларымен тілдеседі. Жастардың есірткіге көзқарасы мен ой-пікірлерін біледі. Нәтижесінде 5 мыңнан аса халық тұратын елді мекендегі жұмыссыз тұрғындардың алыпсатарлықпен айналысатыны, есірткі сату – осы сауданың бір түрі екендігі анықталады. Автор «Забадамда» СПИД-пен ауыратын 5 адамның есепте тұрғанын, оннан аса есірткі сатумен айналысатын нүктелердің тіркеуге алынғанын баяндай келіп, «Есірткі сатумен айналысатын нүктелерді біле отырып неге жаппайды?» деген сұрақ қояды. Оған жан-жақты жауап іздеу арқылы көптеген келеңсіз іс-әрекеттердің бетін ашады. Есірткі сатушылардың ісіне машықтанып алғандығы, кейбір прокуратура қызметкерлерінің олармен сыбайластығы анықталады: «Есірткі сатушылар мен кейбір лауазым иелері арасында жасырын бір байланыс жатқан секілді. Олай деуімізге себеп – жергілікті тәртіп сақшыларының аты-жөндерін айтпаған бір-екеуі егер есірткі сатушыларға маза берместен тексере беретін болсаң, онда поғоныңмен қоштасып қалуың қиын емес» деп айтып қалды. Бұл сөздің жаны барлығын жергілікті адамдар да растады. Бір кісі: «Есірткімен айналысатындардың тірегі ана жақта!» – деп жоғары жақты көрсетті. Көп жылдан бері жүргізіліп келе жатқан есірткіге қарсы күрес қимылдарының ешбір нәтиже бермей отырғандығынан кейін бұған көз жеткізу қиын емес. Есірткі сатушылардың ішінде «шабақтары» ғана қолға түсіп, «шортандары» жүзіп жүр» [11]. Дегенмен журналистің көзі анық жетпеген деректі болжаммен айтуы абырой әпермейді. «Жала жаптың» деп жергілікті тәртіп сақшыларының сотқа шағымдануы мүмкін.

«Сараптама» айдарымен берілген «Есірткі саудасы қызып тұр. Алайда нашакорлықпен күрес талапқа сай емес» атты материалда есірткіні құқық қорғаушылардың өздері сататындығы, есірткі тасымалдаушылардың облысқа қандай жолдармен келіп жатқандығы, олардың қылмысын әшкерелеу үшін осы заманғы жабдықтар, иісшіл иттер тапшы екендігі айтылады, бірқатар мәселелердің беті ашылады. Журналист: «Арнайы техникасыз, жабдықсыз наркокурьермен күрес тиімді болады дегенге кім сенеді?» [12], – деген орынды сауалды алға тартады.

«Журналистік зерттеу» айдарымен жарияланған «Бала өлді, ал дәрігердің қызметі өсті» деген материалда журналист тек болған оқиғаны баяндап, тиісті құжаттарды қараумен шектелген. Журналистің араласуымен шешілген мәселе жоқ,

оқиғаға сот орындары араласқан. Оған мәтіндегі: «Алтынбек ауруханада қайтыс болғаннан кейін аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы жүргізген тексеру барысында анықталған осы мән-жайлардан ұққанымыз аудандық емхананың бас дәрігері Б. Өтеулиева, рабиолог Ө. Әбдірайымов, мейірбике С. Мұсабаева 31 мамыр күні тіркеу журналына Алтынбекті қапқан итті «тірі» деп көрсетіп, ветеринарлық дәрігердің анықтамасынсыз құтыру ауруына қарсы ем қолданылатын № 045 санды формаға қол қойып, емдеуді тоқтатқан» [13], – деген сөйлемдер дәлел болады. Журналист қайтыс болған баланың әжесімен, көршілерімен жолығып, әңгімелеседі, оқиғаның өрбуі туралы олардың пікірін жариялайды, яғни оқиғаны тек баяндап отыр. Баланың өліміне кінәлілер жазаға тартылмай, сот орындары араласпай, болған оқиғаның мән-жайын бастан-аяқ журналистің өзі тексеріп, анықтап шықса, журналистік зерттеу деуге болар еді. Жоғарыдағыдай түрлі кемшіліктерге жол берген аудандық емхананың меңгерушісі аудандық аурухананың бас дәрігері қызметіне жоғарылайды, мәтіндегі жаңа ақпарат осы.

«Алтын Орда» газетінде 2007 жылдың қаңтарында ашылған «Кейіпкер кейпіне енгенде» айдары арқылы берілген ең алғашқы материал «Мен дайын «даяшы» екенмін» (2007. 5-11 қаңтар) деп аталады. Журналист өзінің дайын даяшы екендігін білуі үшін кәсібін өзгертпесе де болғандай. Ол шағын кафедегі өзінің атқарған іс-әрекеті туралы баяндап қана шығады. Кафеге келген адамдарға сыра апарып беріп, бос ыдыстарды асханаға тасиды, еден жуады. Түнгі сағат үштен өткенде қатты шаршап үйіне қайтады. Кафеде бұрыннан істейтін үш қыздың студент екені, шағын кафенің қалған қызметкерлерінің бәрі бір үйдің адамдары екені, кафедегі сенбі күнгі түскен табыстың көлемі ғана белгілі болады. Журналист ашқан басқа жаңалық жоқ. Кәсібін өзгертіп кафеге даяшы болып кіргенде қандай мәселені анықтаймын деп алдына мақсат қоймаған. Бір күн бойы бірге жүрген қасындағы адамдардың психологиясы, мінез-құлқы да жұмбақ күйінде қалып қояды. «Тіпті, мына жұмысым өзіме ұнап қалғандай ма, қалай?» деген журналист кафеге не үшін барғанын ұмытқандай, «дайын даяшы екенмін» деп тоқмейіلسиді.

Журналист айтар ойын таразылап, мәселенің байыбына барып, жазбаса, оқырманды да адастырары даусыз. «Оңтүстік Қазақстан» газетіндегі «Мәселенің мән-жайы» айдарымен

берілген материалда журналист Б. Тәжібаевтың республикалық «Алтын орда» газетінде жарияланған «Шымкенттік шенеуніктерге Астанадан «ауру» жұқты» деген мақаласы сыналады. Онда журналистің көтеріп отырған мәселенің мәнін түсініп алмай, жеңіл сенсация үшін жерден жеті қоян тапқандай, жүйесіз әңгімеге жел беріп, шу көтергендігі айтылған (ОҚ. 2005. 18 қаңтар).

«Айықтырғыш – маскүнемнің екінші үйі. Бірақ онда жұмбақтар мен жаңылтпаштар бар» атты материалда айықтырғыштағы бір-екі адам журналиске қалталарындағы ақшаларын полиция қызметкерлерінің алып қойғандығын айтады: «Өзіміз де формасы барлардан өлердей қорқатын сияқтымыз. Құжат талап етіп, ең болмаса аты-жөнін сұрамау – өз құқығымызды білмейтініміздің, сөйтіп көрінгенге жем болатынымыздың айғағы. Маскүнемдердің екінші үйі – айықтырғышта біраз жұмбақтар мен жаңылтпаштардың куәсі болдық. Шешілуі қиын жіптің бір ұшын ұстасаң, бір ұшын ұстай алмай әуреленесің. Қалай болған күнде де ішкілік ішкен адамның ең соңғы тиын-тебенін жымқыратындарға да тосқауыл қойылуы керек» [14]. Өзі атаған «жұмбақтарды» шеше алмаған журналист мәселенің анық-қанығына жете алмағанын мойындап, мақалада сырттай тон пішумен шектеледі. Материалдың ұтымды тұсы – айықтырғышқа түскен маскүнемдердің психологиясы ашылған.

«Түрмеде де тіршілік бар. Журналистер қауымы анда-санда осындай жабық мекемелерге ат басын бұрып, ондағы тыныс-тіршіліктің шуағын сыртқы ортаға таныстырып отырады». Бұл сөйлемге қарай отырып, «Түрменің тыныс-тіршілігінде қандай шуақ болуы мүмкін?» деген ой келеді. Журналистің жасақ бастығымен сұхбатын оқырманға түсінікті қарапайым сауалдардан бастауы, «Түрмедегілерге көзқарас қандай? Олар да біреудің, яғни адамның баласы ғой. Ұрып-соғу арқылы тәртіпке шақыру болып тұрады ма?» [15], – деген батыл сауалдары оқырмандарға түрме өмірінен кең мағлұмат алуға мүмкіндік бергенімен, жасақ бастығының: «Ұрып-соғу менің жасағымда болған жоқ. Мекемеде істеген бұзықшылығы (бұзақылығы – *Н.Ш.*) үшін тек қана заңға сәйкес арнайы шара қолданылады. Оған дейін бірнеше рет ескерту және тәрбиелік мәні бар әңгімелер жүргізіледі», – деуі шындыққа жанаспайды. Журналист оқырмандарға қажетті ақпаратты ала алмай отыр, сұхбатты оқыған қылмысқа бейім жасөспірім: «Е, түрмедегі өмір жаман емес екен ғой, шуақты тыныс-тіршіліктің дәмін татып

көруге болады екен» деп қылмысын жалғастыра беруі, нәтижесінде темір тордың ар жағына барып қалуы ғажап емес.

«Еділ-Жайық» газетінде «Ұлтараздық қайшылық тудырып жүргендер өз арамызда немесе мемлекеттік тілде баяндама жасаған ауыл әкімі неге құбыжық көрінді?» деген мақала жарияланады. Ауылға барып, мәселенің мән-жайын зерттеген журналист: «Біздің бір түсінгеніміз – мақалада болмашы су мәселесін көтерген боп, ұлтараздық қайшылықты тудырғысы келетін арандатушының істеп отырған қасақана ісі екендігін көруге болады» [16], – дей келіп, мақала авторы Л. Ахмедияровқа облыстық прокуратураның тойтарыс беруін сұрайды. «Уральская неделя» газетіндегі мәтіннен үзінді келтірейік: «За время своей работы Сабит Утегенович ничего не сделал, но зато посеял сильную вражду между местными казахами, русскими приезжими казахами». Мәселенің мән-жайына қаныға келе журналистер С. Сатқановтың жергілікті тұрғын емес екендігін, әкім боп алғаш келгенде орысша білмей, кейіннен үйренгендігін, ауылдың жергілікті тұрғыны – зейнеткер әйелдің әкім болғысы келетіндігі, арызда көрсетілген 45 адамның алтауының мүлде қол қоймағаны, 5 қолдың ғана анық, қалғандарының бір адамның, бір сиямен, бір уақытта әртүрлі етіп қойған өтірік қолдар екендігін анықтайды. Ауылда ауыз су мәселесі шешілген, тәртіп бар, келгеніне жарты жыл ғана болған әкім – еңбекқор, білікті басшы. Арызды «Уральская неделя» газеті тексермей жариялап жіберген. Газет журналистерінің жүргізген зерттеуі нәтижесінде арызқойлардың өтірік деректері ашылады. Дегенмен орыс тіліндегі екі бетке жуық «Журналистік зерттеу» деген айдармен берілген материал мен қазақ тіліндегі жарты беттен астам материалда бір мәселеге байланысты екі түрлі деректер бар. Орыс тіліндегі материалда округтегі қазақтардың саны – 65 пайыз десе, қазақ тіліндегі мақалада қазақтардың үлесі 68 пайыз деп көрсетілген әрі дерек әкімнің айтуымен жарияланған. Газеттің екі бетіне қатар орналасқан материалдардағы бұндай екі түрлі деректердің болуы оқырмандарға күмән туғызады, екі деректің қайсысына сенерін білмей дал болады. Әкім екі журналиске екі түрлі деректі шамалап айта салуы мүмкін. Сондықтан, журналист ақпарат көзінің сенімділігіне, құжаттарға назар аударып, тексеріп барып жариялағаны абзал.

1995 жылы Көкшетауда шығатын «Орда» газетінің редакторы Қ. Қабылов оқырман хаттары негізінде Көкшетау облысының әкімі

Қ. Жұмабаев пен облыс прокуроры К. Жүсіповтің теріс қылықтары мен жағымсыз іс-әрекеттерін әшкерелейтін мақала жазады. Онда қызмет бабын асыра пайдалану, парақорлық туралы деректер бар. Әкім «Орда» газетінің сол 1995 жылғы 6 мамырдағы нөмірін шығартпай тастайды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Көкшетау облысы бойынша басқармасы қызметкерлері газеттің бүкіл санын алып кетеді. Редакторды «бізге жала жапты» деп сотқа береді, үстінен қылмыстық іс қозғайды. Бұл оқиға туралы «Қостанай таңының» тілшісі ашына баяндады (ҚТ.1997. 28 наурыз).

Алайда журналист Қ. Қабылов сын мақаласын тек оқырмандар хаттарының негізінде жазған. Оқиғаның анық-қанығын тексеріп, журналистік зерттеу жүргізбеген. Сондықтан да сын садағына ілінгендер кейбір негізсіз деректерге сүйеніп, сотқа берген. Өңірлік баспасөз журналистерінің журналистік зерттеу жүргізудің техникасын меңгермеуі осындай келеңсіздіктерге әкеп соғады.

Журналистік қызметтің аралас табиғаты ақпарат алу, зерттеу әдіс-тәсілдерінің үнемі байып, түрленіп отыруына мүмкіндік береді. Қазіргі таңда журналистер зерттеліп отырған нысанды терең сипаттап, әлеуметтік құбылыстың өзгеріс заңдылықтарын анықтау үшін ақпарат жинаудың социологиялық әдіс-тәсілдерін жиі қолдана бастады. Ақпарат жинап, дерек көздерімен жұмыс істеу оңай емес. Өңірлік басылымдарда соңғы кездері оқырманды толғандырып жүрген өзекті мәселелерді тақырып етіп, соның аясында пікірлер жинау үрдісі дами бастады. Бұған өңірлік газеттерден жиі көрініп жүрген «Пікірлер тоғысы» айдарын айтуға болады.

Оқырмандардың пікірімен санасу редакция ұжымының жұмысын жақсартуға септігін тигізетіндігін түсінген «Қостанай таңы» газетінің журналистері газет арқылы оқырмандарға сауал жолдап, пікірін білгісі келгені құптарлық. Дегенмен сұрау салуды сауалнама деп шатастырған редакция оқырманға бірде «сіз» десе, бірде

«сен» деп сөйлейді. Оқырмандардың оншақты сауалдың бәріне жауап беріп отырмасы анық. Редакция бұны жауаптар нұсқасы бар сауалнама түрінде жасауы керек еді. Сонда оқырман өзін қанағаттандырған жауап нұсқасының тұсына тиісті белгі қояр еді де, редакция толыққанды жауап алар еді.

Өңірлік газет материалдарын сараптай отырып, журналистер зерттеуді жан-жақты, толық жүргізбейді, социологиялық зерттеу әдіс-тәсілдері өз деңгейінде қолданылмайды деуге толық негіз бар.

Сондықтан аймақ тілшілері журналистік зерттеудің әдіс-тәсілдерін жете меңгеріп, құжаттармен, алғашқы және бұрыннан бар ақпарат көздерімен жұмыс істеуде сауаттылық танытуы, деректің дәлдігіне баса назар аударып, оқырман хаттарын тексеріп барып жариялауы тиіс.

Күрделі әрі көп қырлы, объективті әрі көкейкесті журналистік мәтін аудиторияның ақпараттық сұранысын қанағаттандыра отырып, нақты міндеттерді шешуде таптырмас құрал болады. Аймақтардың ақпаратты қабылдау мүмкіндігі әртүрлі. Ол төмендегі факторларға байланысты:

- 1) географиялық, яғни, қалаға жақын, алыс орналасуы;
- 2) қаржылық ресурстар;
- 3) жаңа ақпараттық технологияны қолдану мүмкіндігі;
- 4) журналистің кәсібилігі мен жауапкершілігі.

Өңірлік газеттердің көпшілігіне тән кемшіліктерге аудиториямен хат арқылы ғана байланысып, аудиторияның талап-тілегін білуге арналған өзге зерттеу әдістерін жүзеге асырмауын және кейбір хаттарды тексермей жариялауын айтамыз.

Жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру – қоғам мен БАҚ арасында тиімді диалог ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Аудиториямен тығыз байланыс орнаған жағдайда басылымның қызметі жанданып, оқырмандардың қызығушылығы артады.

Әдебиеттер

1. Сейітов С. Жүректен өшпес жылдар // Сыр бойы. – 1999, 1 шілде.
2. Бекбергенова Р. Сол жылдарды сағынам // Сыр бойы. – 1999, 8 маусым.
3. Сүйеніш Қ. Ақын еді, азамат еді // Сыр бойы. – 1999, 1 шілде.
4. Жалғасова Г. Тұңғыш нөмірдің тарихы // Сыр бойы. – 2004, 1 шілде.
5. Қамзин К. Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі. – Алматы: Экономика, 2009. – 310 б.
6. Сагал Г.А. 25 интервью. Книга о творческом опыте журналистов-публицистов. – М.: Изд-во политической литературы, 1978. – 167 с.
7. Корконосенко С.Г. Основы журналистики: учебник для вузов. – М.: Аспект Пресс, 2004. – С. 96.

8. Майлыбаева А. Үндеуден шикілік шықты // Оңтүстік Қазақстан. – 2003, 16 қыркүйек.
9. Айтөреева Ү. Өзіңнен зор шықса... // Оңтүстік Қазақстан. – 2005, 13 қыркүйек.
10. Әбдірашұлы Б. Нашакорлық // Оңтүстік Қазақстан. – 2004, 29 мамыр.
11. Жиенбаев Д. Есірткі саудасы есіріп тұрған ауыл // Оңтүстік Қазақстан. – 2005, 12 ақпан.
12. Оразбекұлы Қ. Есірткі саудасы қызып тұр. Алайда нашакорлықпен күрес талапқа сай емес // Оңтүстік Қазақстан. – 2004, 10 ақпан.
13. Бегалиев М. Бала өлді, ал дәрігердің қызметі өсті // Оңтүстік Қазақстан. – 2007, 18 қаңтар.
14. Мұхтарұлы Н. Айықтырғыш – маскүнемнің екінші үйі. Бірақ онда жұмбақтар мен жаңылтпаштар бар // Оңтүстік Қазақстан. – 2004, 21 ақпан.
15. Кенжеғұлов Н. Бостандықтың құны қанша немесе түрме өмірден түңілгендердің мекені емес // Оңтүстік Қазақстан. – 2004, 16 наурыз.
16. Өтепова Л. Ұлтараздық қайшылық тудырып жүргендер өз аразында немесе мемлекеттік тілде баяндама жасаған ауыл әкімі неге құбыжық көрінді? // Еділ-Жайық. – 2006, 21 сәуір.

References

1. Sejitov S. Zhurekten oshpes zhyldar // Syr bojy. – 1999, shilde – 1.
2. Bekbergenova R. Sol zhyldardy sagynam // Syr bojy. – 1999, mausym – 8.
3. Sujenish K. Akyn edi, azamat edi // Syr bojy. – 1999, shilde – 1.
4. ZHalgasova G. Tyngysh nomirdin tarihy // Syr bojy. – 2004, shilde – 1.
5. Kamzin K. Kazak kosemsözi zhanrlarynyn kemeldenu yderisi. – Almaty: ENkonomika, 2009. – 310 b.
6. Sagal G.A. 25 interv'yu. Kniga o tvorcheskom opyte zhurnalistov-publicistov. – M.: Izd-vo politicheskoy literatury, 1978. – 167 s.
7. Korkonosenko S.G. Osnovy zhurnalistiki: uchebnyk dlya vuzov. – M.: Aspekt Press, 2004. – S. 96.
8. Majlybaeva A. Yndeuden shikilik shykty // Ontystik Kazakstan. – 2003, kyrkyjek – 16.
9. Ajtoreeva Y. Ozinnen zor shyksa... // Ontystik Kazakstan. – 2005, kyrkyjek – 13.
10. Abdirashuly B. Nashakorlyk // Ontystik kazakstan. – 2004, мамыр – 29.
11. ZHienbaev D. Esirtki saudasy esirip turgan auyl // Ontystik Kazakstan. – 2005, ақпан – 12.
12. Orazbekuly Q. Esirtki saudasy kuzyp tur. Alajda nashakorlykpen kyres talapka saj emes // Ontystik Kazakstan. – 2004, ақпан – 10.
13. Begaliev M. Bala oldi, al dorigerdin kyzmeti osti // Ontystik Kazakstan. – 2007, kantar – 18.
14. Muxtaruly N. Ajyktyrghysh – maskunemnin ekinshi yji. Birak onda zhymbaktar men zhanyltpashtar bar // Ontystik Kazakstan. – 2004, ақпан – 21.
15. Kenzhegulov N. Bostandyktyn quny qansha nemese tyrme omirden tynilgenderdin mekeni emes // Ontystik Kazakstan. – 2004, nauryz – 16.
16. Oteпова L. Itarazdykkajshylyk tudyryp zhyrgender oz aramynda nemese memlekettik tilde bayandama zhasagan auyl akimi nege kybyzhyk korindi? // Edil-ZHajyk. – 2006, sauir – 21.